

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 29 қаңтардағы N 543 Жарлығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 14 қарашадағы N 1149 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 29 қаңтардағы N 543 Жарлығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі
жоба

**Қазақстан Республикасы Президентінің
Жарлығы Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 29 қаңтардағы N
543 Жарлығына толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне сәйкес және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру көздерін нақтылау мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының кейбір мәселелері туралы" 2001 жылғы 29 қаңтардағы N 543 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., N 4-5, 42-құжат; 2003 ж., N 6, 60-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану ережесінде:

7-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) мемлекеттің ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін жеке меншікке сатуынан түсетін қаражаттың;" .

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті